

З.Ш. Ерназарова 

КИМЭП Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: ezauresh@kimep.kz

КӨСЕМШЕ ОРАЛЫМДЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Мақалада қазақ тілін оқыту үдерісінде функционалды-семантикалық табиғаты толық ашылып сипаттала бермейтін көсемшенің монособъектілі құрылымдар ішінде сөйлем мазмұны мен құрылымын күрделендіруші қызметі етістіктің лексика-семантикалық топтарының өзара байланысы мен семантикалық қатынастың түріне қарай талданды. Бұл мәселе қазіргі таңда өзекті болып табылады. Өйткені көсемше оралымды сөйлемдердің коммуникациядағы қызметі мен оның қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқулықтарда берілуі арасында үлкен айырмашылық бар. Етістіктер арасындағы мағыналық байланыстың қайталамалы сипаты адам танымында білім қорын қалыптастырып, ол категориялық белгілерге ие болды. Зерттеу барысында көсемшенің коммуникациядағы қызметінің когнитивті моделін анықтау маңызды болды. Көсемшенің грамматикалық категория ретінде когнитивті моделін құрайтын фреймдік компоненттердің мазмұнын сипаттау, жіктеу, қазақ тілін оқыту үдерісінде аталған категорияны жүйелі меңгертуге көмектесер еді. Көсемше адам танымында байланыстары концептуализацияланған (қайталамалы сипатқа ие) бірнеше әрекеттердің байланысын жеткізетін форма ретінде қалыптасқан. Тілдік материалдарға жасалған семантикалық талдау көсемшенің төмендегідей концептуалды фреймдік сценарийін анықтады: көсемше негізгі етістікке қосымша қабаттасатын әрекетті атайды; көсемше негізгі етістікпен әртүрлі мезгілдік арақатынас орната алады; негізгі әрекеттің өту динамикасын сипаттайды; негізгі әрекетті тудырушы себеп – әрекетті білдіреді; көсемше сөйлеушінің не бақылаушының негізгі әрекетке көзқарасын, бағасын жеткізеді. Семантикалық қатынастың түрі сөйлемдегі негізгі етістіктің лексика-семантикалық тобына қарай анықталады.

Түйін сөздер: көсемше оралым, негізгі етістік, семантика, концептуалды сценарий, фреймдер.

Z.Sh. Yernazarova

KIMEP University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: ezauresh@kimep.kz

Semantics of sentences with participles

The article discusses the problems of teaching the participles of the Kazakh language. There are several reasons for this. Firstly, in modern Kazakh linguistics, not all theoretical issues of the participle have been investigated. For example, the grammatical status of the participles in the Kazakh language still causes scientific discussion. Secondly, the functions of the participles in speech and the linguistic definition proposed in the textbooks are significantly different from each other. The relevance of the study is determined by the fact that the functional study of the participial constructions of the language system as a result of cognitive activity is one of the important tasks of the linguistic description of the Kazakh language in order to teach the Kazakh language as a second. The task of describing the functioning of adverbial revolutions from a cognitive point of view was to determine and explain exactly what relation is recorded by the adverbial revolution, which knowledge structures are behind it. In this article, for the first time, a specific object of research was the identification of the frequency of compatibility of verbs of different vocabulary-semantic groups with participles and the definition of a cognitive model of this grammatical category. .

The results of the study showed that the semantic relations of the main verb and participles are ambiguous. The nature of the relationship between these two forms is determined by the general proposition of the utterance. With the dynamic nature of the attitude, vocabulary and semantic characteristics of the main verb are of great importance.

Key words: participle turnover, main verb, semantics, conceptual scenario, frames.

З.Ш. Ерназарова

Университет КИМЭП, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: ezauresh@kimep.kz

Семантика предложений с деепричастными оборотами

В статье рассматривается проблемы преподавания деепричастных оборотов казахского языка. Во-первых, в современном казахском языкознании не все теоретические вопросы деепричастия исследованы. Например, до сих пор вызывает научную дискуссию грамматический статус деепричастных оборотов в казахском языке. Во-вторых, функции деепричастных оборотов в речи и лингвистическое определение, предлагаемое в учебниках, существенно отличаются друг от друга. Актуальность исследования определяется тем, что функциональное изучение деепричастных конструкций языковой системы как результат когнитивной деятельности является одной из важных задач лингвистического описания казахского языка в целях преподавания казахского языка как второго. Задача описания функционирования деепричастных оборотов с когнитивной точки зрения заключается в том, чтобы определить и объяснить, какое именно отношение фиксируется деепричастным оборотом, какие структуры знания стоят за ним. В данной статье впервые конкретным объектом исследования стало выявление частотности сочетаемости глаголов разных лексико-семантических групп с деепричастными оборотами.

Результаты исследования показали, что семантические отношения основного глагола и деепричастных оборотов носят неоднозначный характер. Характер отношений между двумя указанными формами обуславливается общей пропозицией высказывания и семантики основного глагола. Когнитивное моделирование семантики основного глагола дало возможность по-новому оценить функционирование деепричастных оборотов в предложении.

Ключевые слова: деепричастный оборот, основной глагол, семантика, концептуальный сценарий, фреймы.

Кіріспе

Көсемше етістіктің грамматикалық категориясы ретінде танылып, қызметі жан-жақты зерттелді десек те, қазақ тілін оқыту үдерісінде тіл үйренушіге оның коммуникациядағы қызметін меңгертуде көп қиындықтар бар. Қиындықтар көсемшенің жай сөйлем ішінде дербес пропозицияны жеткізіп, бағыныңқы позициядағы қызметтерімен байланысты қалыптасып отыр. Қазақ тілі оқулықтары авторлары көбіне көсемшенің сөйлемді аяқтап, шақ жасаушы қызметін берумен шектеліп жатады.

Ғылыми зерттеулерде көсемшенің полипредикативті және жартылай предикативті құрылымдар қалыптастырушы қызметтері, жай сөйлем құрамындағы пысықтауыштық қатынас жасаушы қызметтері субъектінің ортақ / не жеке болуына қарай, мезгілдік арақатынастың сипатына қарай сипатталды (Үесенов, 1984). Алайда бұл зерттеу нәтижелері тілді оқыту үдерісінде көсемшенің қызметін толыққанды үйретуге көмектесе бермейді. Қызмет түрлері сипатталғанымен, лингвистикалық ақпарат тіл үйренушінің көсемше құрылымдарды коммуникация барысында белсенді, еркін қолдануға жеткіліксіз болып жатады. Өйткені оқулықтарда көсемше қолданылатын категориалды ситуациялар толық сипатталып, түсіндіріле бермейді. Оның бірнеше себептері бар. Біріншіден, кө-

семше формасында қолданылатын етістіктерге лексика-семантикалық топтары нақты жүйеленбеген. Екіншіден, көсемше қолданылатын категориалды ситуацияларды құраушы прагматикалық факторлар, пресуппозициялар сараланбаған. Яғни көсемше сөйлеуші адамның танымы мен қажеттілігінің нәтижесі ретінде бағаланбаған. Аталған мәселелер көсемше қызметінің негізінде жатқан когнитивті құрылымды анықтауды қажет етеді. Өйткені сөйлеу барысында көсемше формаларымен байланысқан етістіктерді қабылдаймыз, түсінеміз. Егер етістіктер арасындағы байланыс адам танымында қалыптасқан білім құрылымына – концептілерге сай келмесе, ол қабылданбас еді, түсіністік те орнамас еді. Көсемше формалы етістіктер арқылы берілетін әрекеттер адам танымындағы қандай концептуализациялау үдерісін бейнелейді деген сұраққа жауап берсек, оның қызметін де дұрыс анықтап, саралайтын боламыз. Бұл көсемшенің қолданысын жүйелеуге, модельдеуге көмектеседі. Көсемше етістіктің грамматикалық категориясы ретінде сыртқы әлем туралы білімнің құрылымдық (фреймдік) жиынтығы деген ұстанымды басшылыққа алу қолданыстағы қызметінің танымдық алғышарттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұндай анықтылық көсемшені оқытуды да, меңгеруді де жеңілдетері анық.

Сөйлемнің құрылымын құрушы да, оның мазмұнын, компоненттердің позицияларын

анықтаушы да етістік болып келеді. Етістіктің лексикалық мағынасының өзінде объективті шындықтың бір кесіндісі – пропозициялар жинақталып беріледі. Бұл – таным үдерісінің нәтижесі. Көсемшелі құрылымдарды әрекет иесі субъектінің, бақылаушы адам субъектісінің таным үдерісімен байланыстыра қарау оның категориялы қызмет түрлерін когнитивті тұрғыда реконструкциялауға мүмкіндік береді деп болжам жасаймыз. Зерттеу жұмысының негізгі нысаны(объектісі) болатын құрылымдар:

1) Ол сәлем беруді ұмытқан жоқ. Бірақ әкесі мен өзге ешкімге қарамастан, келе Абайды *құшақтай алды (М. Әуезов)*

2) Оспан келе бергенде, бұ да *құшағын жайып*, бетінен *сүйді*. Үлкендер бұлардың жаңа көріскенін *сезін*, мінездерін *кешіргендей*.

3) Ол сөзін *айтып шығып кетті*.

Тіл білімінің қазіргі даму деңгейінде 1-сөйлемдегі көсемшенің қызметін жай сөйлем ішіндегі пысықтауыш, 2-сөйлемдегі қызметін қимыл сын мәнді пысықтауыш, ал 3-сөйлемдегі қызметін күрделі баяндауыш деп қана түсіндіреміз. Одан да тереңдейтін болсақ, полипредикативті құрылымдар, моносубъектілі көсемше оралымды сөйлем, аспектуалділік категориясы деп жіктеуге болады. Бірақ бұл сипаттамалар көсемшенің қызметін, оның қолдану шарттарын толық ашып, түсіндірмейтіні көрініп тұр. Бұл сипаттамалар көсемшенің қолданысы немен байланысты? Оны не анықтайды? деген сұраққа толық жауап берілмейді. Көсемшенің қолданысын анықтайтын – негізгі етістікпен байланысты адам танымында қалыптасқан ақпарат жиынтығы. Көсемше мен негізгі етістіктің мағыналық байланыстары да әртүрлі. Бірде ол негізгі предикатпен бір мезгілде орын алған әрекетті атаса, бірде негізгі әрекеттің өту сипатын бейнелейді. Бірде көсемше әрекетті бақылаушы адамның бағасын жеткізсе, бірде ол әрекеттің өзін атайды. Білім алушыға тілді дұрыс меңгеру үшін нақты бұлтартпас ереже керек. Ол ереже көсемшенің қай уақытта мезгіл мағынасында, қай кезде көмекші қызметте, қай кезде күрделі етістік құрамында жұмсалатынын нақты түсіндіруі керек. Сол үшін көсемшенің полифункционалды қызметін барлық сөйлеу жағдаяттарында қатесіз қолдануға мүмкіндік беретін абстракцияланған универсалды модельдерін айқындау керек.

Сонымен көсемшенің қызметін когнитивті грамматика аспектісінде зерттеу мақсаты

○ көсемше қолданылатын процессуалды жағдаяттың сипатын (типтік белгілерді анықтау:

негізгі етістіктің лексика-семантикалық сипаты, қолданылатын типтік сөйлеу жағдаяттардың когнитивті сценарий, оны қалыптастырушы фреймдер);

○ көсемшенің когнитивті сценарийін модельдеу (пропозиция түрлері, олардың арасындағы мезгілдік байланыстар, семантикалық байланыстар, модальділіктің берілуі)

○ көсемшенің когнитивті моделін қалыптастыратын тірек семантикалық компоненттерді анықтау

Көсемшенің зерттелуіне шолу

Көсемшенің зерттелуі сабақтас құрмалас сөйлемнің зерттелуінен бөлек қарастыруға болмайды. Түркологияда ондаған жылдар бойы өрбіген пікірталас көсемше, есімше, шартты рай тұлғалы инфинитті етістік категорияларының сөйлемді аяқтап, пропозиция жеткізу әлеуетімен байланысты болды. Зерттеушілердің бір тобы оларды түгелдей бағыныңқы сөйлемдер қатарына жатқызса, (Sauranbayev, 1948) келесі топ баяндауышы финитті түрде берілген сөйлемдерді ғана бағыныңқы сөйлем деп қабылдады да, ал инфинитті сөйлемдердің бәрін жай сөйлем құрамындағы оралымдар түрінде талдады (Serebryannikov, 1963; Baskakov, 1962; Vertagayev, 1954). Үшінші пікірді ұстанушылар инфинитті формалы сөйлемдерді субъектінің қатысына қарай бағыныңқы жеке сөйлем және жай сөйлем құрамындағы оралым деп бөлуді ұсынды. Яғни жеке бастауышы болса, ол бағыныңқы сөйлем, ал ортақ бір бастауыштың айналасында құрылған сөйлемдер жартылай предикатты оралымдар деп бөлінді. (Dmitriyev, 1948: 45; Yesenov, 1974; Cheremisina, 1979; Nartiyev, 1988; Nevskaya, 1990). Ғалымдардың пікірінше, түркі тілдерінде тілдің ішкі құрылымдық ерекшелігінен туындаған сабақтас құрмалас сөйлемнің ерекше синтетикалық түрі қалыптасқан. Соңғы екі бағыт бір мәселеде бір-бірімен ұштасады. Ол екі топтың да бір бастауышты инфинитті құрылымдардың түркі тілдеріне тән құбылыс екенін мойындап, жай сөйлем құрамындағы оралымдар түрінде қарастыруынан көрінеді. Барлық зерттеушілер инфинитті етістік формаларының предикативтілікке ие екендігін мойындайды. Алайда бұл бағыныңқы сипаттағы предикативтілік, ол сөйлемдегі негізгі толық предикатқа бағынады, сондықтан бұндай құрылымдарды жартылай предикативті құрылым деп атау (көсемше оралым, есімше оралым, шартты райлы оралымдар) қабылданған.

Түркологияда көсемше оралым ұғымын алғаш қолданушы Н.К. Дмитриев болды. Ғалым көсемшенің сөйлемдегі екі түрлі қызметін бөліп көрсетті: “1) выступать как члены простого предложения, в составе глагольных видов ы форме так называемых деепричастных оборотов. 2) выступать как сказуемое определенного типа придаточного предложения (Dmitriyev, 1948: 256). Көсемше оралымды сөйлемдерді арнайы қырғыз тілінің негізінде зерттемегенімен, оның бағыныңқы сөйлем мен күрделі сөйлем мүшелерінен ерекшелігін байқап, синтаксистік қызметіне тоқталған А. Турсунов болды. Ғалым көсемше оралымды жеке сөйлем емес, сөйлем мүшесінің құрылымдық жағынан бағыныңқы сөздермен күрделенуі деп қарап, күрделі жеке ойды бере алмайды деп сипаттады (Tursunov, 1958: 18). Азербайжан тілін зерттеушілер көсемшелі құрылымдарды түгелдей оралымдар қатарына жатқызады. Бұл көзқарас Н.З.Гаджиева (Gadzhieva, 1986: 140) да қолдайды. Түркологияда көсемше оралымды сөйлемдерді зерттеуде жаңа бағыттың дамуына қозғаушы болған Ғ. Абдурахмановтың еңбектері еді (Abdurahmanov, 1971: 141).

Инфинитті көсемше формалары бағыныңқы позицияда қолдана отырып, толық тәуелді предикативті және жартылай тәуелді предикативті құрылымдарды қалыптастыратынын барлық зерттеушілер мойындайды. Жартылай предикативті көсемше оралымдардың мағыналық байланыстары, құрылымы, ортақ субъектінің берілуі, негізгі предикатпен мезгілдік арақатынасы тұрғысынан арнайы зерттелгенімен, етістіктердің лексика-семантикалық тіркесімділігі, мағыналық байланысы тұрғысынан қарастырылмады. Көсемше оралым қызметінде етістіктің қандай лексика-семантикалық топтары жиі кездеседі? Қандай етістік түрлері қосымша сипаттаманы, толықтыруды керек етеді? Мағыналық байланыс түрлерін қалыптастыратын маманданған етістіктің лексика-семантикалық топтары бар ма? деген сұрақтар ашық қалды. Көсемше оралымдар адамның танымын үдерісінде қалай концептуализацияланады? деген сұрақтар жауапты керек етеді. Б.В. П. Недялков: “Көсемше туралы лингвистикалық білімнің толық қалыптаспауы оның тілдегі қолданысының барлық аспектілерінің танылмауымен байланысты”, - дейді (Nedalkov, 1990: 120). Біз де осы пікірмен келісеміз. Неге? Өйткені осы уақытқа дейін көсемше етістіктің семантикалық мағынасымен байланыссыз алынды. Көсемше өзі тікелей

тіркесетін етістіктің когнитивті моделі тұрғысынан қарастырылған емес. Ал когнитивті модель, біздің жағдайымызда етістіктің мағыналық байланыстарының көрінуі де, өмір сүруі де адамның таным үдерісімен байланысты.

Етістіктің когнитивті грамматикада зерттелуі

Когнитивті лингвистикада етістік семантикасын құрайтын негізгі тірек концептілерді анықтау мәселесі әр уақытта өзекті болды. Оның басты себебі етістіктің пропозицияны (объективті шындықты) жеткізу әлеуетімен байланысты. Қолданыста етістік әрекетті ғана атамайды, оған шақтық, жақтық (субъектілік), модальдік мағыналар қабаттаса беріледі. Сондықтан етістікке семантикалық талдау жасау барысында сөйлеу жағдаяты, адамның танымымен байланысты шарттарды ескермесе болмайды.

Сондықтан етістіктерді лексика-семантикалық мағынасына қарай талдау, топтастыру барысында зерттеушілер басшылыққа алатын әртүрлі критерийлер ішінде сөйлеу жағдаятымен байланысты динамикалық / статикалық қалып; уақытқа қарай созылуы / үзіктілігі; ұзақтығы / фазалық / фазалық емес; сандық / аргументтің семантикалық түрлері, бақылауға болатыны / болмайтыны; белсенді / белсенді емес; бағытталуы / бағытталмауы түрлері орын алады (Orazov, 1997: 77).

Етістікті когнитивті аспектіде зерттеушілер – Е.С. Кубрякова, Н.Н. Болдырев – етістікті сөйлеу жағдаятын жинақтайтын концепт ретінде бағалайды. Өйткені етістікте бірнеше категориалды мағына жинақталып беріледі. Мысалы, “сындыру” етістігі бір нәрсені бұзумен байланысты жағдаятты ассоциациялайды. Ал Н.Н. Болдырев бұл ойды әрі қарай тереңдетіп дамытады. Ғалымның пікірінше, әр етістіктің мағынасы сөйлеу жағдаятына қарай жаңа мағыналарымен толығады. Етістіктің категориалды мағынасы қолданыс үстінде анықталады. Етістік тілдің құрылымында әрекетті де, қозғалысты да білдірмейді. Оның тілдің құрылымындағы қызметі категориалды мәнді жеткізу болып табылады. Категориалды мән деп ғалым етістіктің шынайы өмірдегі бір оқиғаны жинақтап беруін атайды (Boldyrev, 2004: 50-63). Бұл ойды Е.С.Кубрякова да қолдайды: етістік семантикасы жинақталған ақпараттардан құралады. Бұл – кеңістік, уақыт, объект, әрекеттің нәтижесі туралы ақпараттар. Сондықтан етістікті когнитивті тұрғыдан зерттеу үшін оны адамның өмірлік

тәжірибесінің қорытындысы ретінде қарау керек. Е. Кубрякованың пікірінше, етістікті когнитивті аспектіде сипаттау әлем туралы адамның жинақталған білімін анықтау болып табылады (Kubryakov, 1997: 328). Біз де осы пікірді қолдаймыз. Яғни етістік адам тәжірибесінің негізінде жинақталған білімді жеткізуші әрі жинақтаушы категория болып табылады.

Когнитивті лингвистикада адам танымындағы білім қоры құрылымдық сипатқа ие деп танылады. Білім қоры жекелеген фреймдерге бөлінеді. Ч. Филлмор фреймдерге мағына және жүйе тән екенін байқап, фреймдік семантика ұғымын енгізді. Фреймдік семантика теориясы танымда концептуализацияланған білімді-концептіні өзара байланысты құрылымдарға фреймдерге бөледі (Fillmor, 1983: 320). Фрейм – сөйлеу жағдаяттарының жиі қайталануы негізінде сұрыпталған, анықталған білімнің бөлшегі. Фрейм түрлері мен жүйесі адам танымында когнитивті модель түрлерін қалыптастырады. Сөйлеу жағдаяттарының жиі қайталануы, кездесуі адам танымында жағдаяттар туралы тұрақты білім қорын сұрыптап, құрылымға жинақтайды. Адам танымындағы білім қорын – концептіні модельдеу үшін Ж. Фоконье ментальді кеңістік ұғымын пайдаланған (Kovalchuk, 2011: 100). Ғалымның пікірінше тілдік семантиканы когнитивті аспектіде, яғни таным үдерісіне тән заңдылықтарсыз зерттеуге болмайды. Сөйлем мазмұнында сөздердің лексикалық мағынасынан тыс түсіну үдерісін жүзеге асыратын мол ақпарат имплицитті түрде беріледі. Сөйлесімді түсіну дегеніміз менталды кеңістікте орындалып жататын когнитивті үдерістің нәтижесі. Сондықтан ғалым сөйлеумен байланысты түсіну процесінің қалай жүзеге асатынын модельдеу үшін ментальды кеңістік ұғымын қолданады. Ментальді кеңістік когнитивті үдерісті модельдеуге, сөйлем мазмұнында эксплицитті және имплицитті түрде берілген ақпаратты табуға, жіктеуге көмектеседі. Ментальді кеңістік – адамның танымындағы белгілі бір сөйлеу жағдаяттарымен байланысты қалыптасқан білім қоры – концептінің ішкі мазмұндық құрылымын модельдеу алаңы болып табылады.

Етістік семантикасын ментальды кеңістік, фреймдік семантика ұғымынсыз ашу мүмкін емес. Мысалы, “бар” етістігінің семантикалық құрылымын түсіндіру үшін ментальды кеңістік моделін пайдаланып көрейік: S – субъект (әрекет иесі адам) O – объектіге белгілі бір орында белгілі бір уақытта, белгілі бір мақсатпен, өзі не басқа құралдың көмегімен баруы мүмкін. Бұл

– “бар” етістігімен байланысты адам танымында қалыптасқан белгілі бір сценарий – білім қоры. Бұл – “бар” етістігінің ментальді кеңістікте анықталған базалық мағынасы. Адамның танымында “бар” етістігімен байланысты туындайтын семантикалық ассоциациялық өрісті құрсақ, мынадай ақпараттар туындайды: әрекеттік өту сипаты (*жүгіріп бару, асығып бару, аяғын тез басып бару*); шынайы өмірде бұл әрекеттің орын алуына ықпал еткен, қауақия болған екінші бір әрекеттер болуы мүмкін (*соны естіп барды, соны білейін деп барды*); бұл әрекетпен қатар екінші көмекші әрекет бір мезгілде өтуі мүмкін (*үйіне дейін музыка тыңдап бару; ойланып бару*).

Ментальды кеңістікте туындаған семантикалық ассоциациялар адамның танымында қозғалыс түрімен байланысты концептуализацияланған білімінің күрделі құрылымын ашты.

Тіл адамның осы білім қорын беру үшін көсемше формаларын қолданды. Демек көсемше процессуалды жағдаят туралы білімнің концептуалды құрылымын детальді бейнелейтін тілдік форма болып табылады.

Көсемше формасындағы етістіктер – әрекеттің шынайы өмірде өтуімен байланысты адам танымында қалыптасқан концептуалды сценарийлердің бейнесі. Концептуалды өйткені етістік сөйлеу жағдаятын бейнелейді. Етістіктің міндеттеуші лексика-семантикалық тобын когнитивті аспектіде зерттеген А.М. Плотникова концептуалды сценарийге негізделетінін анықтайды (Plotnikova, 2009). Сөйлеу жағдаяты туралы білім қалыптасқан сценарий бойынша құрылымданады, бұл құрылымдар жалпылық сипатқа ие болады да, тіл құрылымында грамматикалық категорияларды қалыптастырады. Тілдік бірліктердің семантикасын зерттеу арқылы адам танымында қалыптасқан концептілердің мазмұнын (әлем туралы білім жиынтығын) анықтауға болады. Сонымен когнитивті грамматикада қабылданған негізгі ұғым-түсініктер қатарына жасалған шолу негізінде зерттеуде басшылыққа алатын мына ұстанымдар қатары анықталды:

1) етістік – адам танымының нәтижесі. Демек онымен байланысты қалыптасатын категориялар да таным үдерісінің нәтижесі болып табылады. Көсемше негізгі әрекетпен байланысты қосымша ақпаратты жеткізетін грамматикалық категория болып табылады. Көсемше мен негізгі етістік арасындағы семантикалық байланыс түрін анықтау үшін етістіктің лексика-семантикалық мағынасы негізге алынуы керек;

2) етістік – процессуалды – жағдаят туралы адам танымында концептуализацияланған білімнің тілдегі көрінісі. Білім іштей құрылымдық бөлшектерге – фреймдерге бөлінеді.

3) етістік арқылы пропозиция беріледі. Сондықтан етістік шақтық, жақтық, қимылдың өту сипаты, модальдік сияқты семантикалық компоненттерден құралады.

Эксперимент

Зерттеуде көсемше қызметі етістіктің грамматикалық категориясы ретінде субъектілік (жақтық), мезгілдік (шақтық), пропозициялық (негізгі немесе көмекші) белгілердің қатысы және негізгі етістікпен мағыналық байланысына қарай талданады.

Тілдік материалдар Алматы қазақ тілі корпусынан (АҚТК) жинақталды. Көсемшенің жай сөйлемдегі қызметтері сөйлемді ұйымдастырушы етістік арқылы анықталды. Етістік түрлері сөздік қорды құраушы бір буынды етістіктер мен қазақ тілін жиілік сөздігі негізінде анықталған қазақ тілін оқытудың лексикалық минимумында (ЛМ) кездесу жиілігіне қарай іріктелген етістіктер қатарынан алынды.

Зерттеу мақсатына сай етістіктің лексика-семантикалық топтарын құрастырушы тірек етістік – лексемалардың корпуста кездесу жиілігі көрсетілді. Етістіктің лексика – семантикалық топтарын анықтауда М.Болатовтың жіктелімі басшылыққа алынды (Boлатov, 1984).

Семантикалық талдау негізгі предикатқа тәуелді мағыналық байланыстарды анықтау бағытында жүргізілді. Негізгі етістіктің түрі (жақша ішіндегі корпуста кездеу жиілігі көрсетілді) лексика-семантикалық тобына қарай анықталды. Негізгі етістік кездескен сөйлемдерден көсемше оралымды сөйлемдер іріктеліп, олардың негізгі предикатпен мағыналық байланысы анықталды.

Қозғалыс етістіктері лексика-семантикалық тобы:

4) бару (261) туралап / бастап / түрегеліп / көшіп / ырғып / ала / жетелей / жақындап / жетіп / басына көтеріп / жүгіріп / кіріп / тақап / қайтып / кете / қуып / суырылып шығып / тастап / еске түсіп / шапанын жамылып / етегінен ұстап / ертіп / таяп / алып / ақырын басып

5) кел (1415) ертіп / іліп алып / шаршап / ән салып /

Сөйлеу етістігі лексика-семантикалық тобы:

6) сөйлеу (109) айтып / жақаурата / іш тарта / ызбарлана / тістене / күрсіне / көкжиекке

қарай / қайта / қарай отырып / басыншайқап / мұқата / гүмпілдеп / орағыта / күмілжи / кеміте / ақтарыла / шаршай / мардымси / келте / дауысын ақырындата / бұйыра / көтеріле / аңғарта / ойлана / сыбырлай / жұлқынып / былдырақтап / өзін өзі тежей /

Сезіну етістіктері лексика-семантикалық тобы:

7) қара (491 үлгі) – еңсеріле / маңғаздана / қадала / жасырмай / шын екенін біле алмай / қобалжи / бұрылып / ентелей / сынай / таңырқай / мойнын созып / сынай / түйіле / ойлана / қадала / қолымен сипап күле / барлап / тұнжырап / шолып / қызына / алая / ежірейе / үңіліп / алақтап / ожырая / елендей / сұқтана / мысқылдай / күлімсирей / тесіле / қадала / еңсеріле / таңдана / бетін ашып / аңырая / сескене / алара / шаншылып / шошына / сүйсіне / жасқана / қауіптеніп / шалқалай / тыржита / еркелей / жеркене / жұлып алып / тіктене / мойнын созып / ойлана / жаудырап / үміттеніп / мөлдірей / зілденіп / төсекке созылып / көзін төңкере / көзін тоқтатып / қынжыла /

8) күлу (241) – сақылдап / қарқылдап / сықылықтап / қымсына / естігендей болып / жарқылдай / рақаттанып / кекете / жымыып / зорлана / мысқылдай / есіней / айтып қоймағанына / қарап / басын шайқап / езу тартып / әжуалап /

Әрекет етістіктері лексика-семантикалық тобы:

9) көшу – шынжырлап / ала / бөлініп /

10) жасау (170) – қадам жасау / сақтық жасау / бейнелемей / аударма жасау / пайымдау жасады /

11) ойнау (9) – лақтырысып / су шашып / сабаллап /

12) ұшу (51) жылжып тұрып, жер бауырлап, қырындап / қырындап барып / шыр етіп

13) оқу (72) – жабыла, тесіле, күңіреніп / окопта отырып /

14) ауыру (11) сыздап / ішіп / назары түсіп

15) кию (15) жөндеп / сұрап / жалп еткізіп / тымақ қып

16) дем алу (121) ертерек жатып / тынығып / ерні ашылып / аяғын айқастырып / екі бүйірі солқылдап / шай ішіп /

17) ішу (23) тойып / тамақ істеп / қытырлатып / сарқып / бағлан жеп, қымыз ішіп / әңгіме айтып / тыңдап / асығып / қолға ала / отыра қап / су құйып / қаңсып / салдырлатып / шалқайып отырып /

18) жаз (107) – кісі жіберіп / шам жағып / жәрдем сұрап / сүйкектетіп / деп жазды / айтып / ренжіп / бағалап / бастап / сипаттап /

Қалып етістіктері семантикалық тобы:

19) отырып (1263) – мойындай ~ айтып салу / ескере отырып – жетілдіру; өзгерте отырып қолдану / ақылдаса отырып шешу / ескере отырып қолдану / қарап отырып қайталау / дамыта отырып тетігіне айналу / жүре отырып ~ келу / ығыстыра ~ отырып тәртіп орнату / сөз қуып отырып ~ ұмыту.

Нәтиже, талқы. Етістіктердің концептуалды фреймдік сценарийлерін талдау (*етістіктің когнитивті моделі*):

1) **“бару”** – қозғалыс етістігінің базалық семантикасы кеңістіктегі объектінің / субъектінің бір бағытта орын ауыстыруы: 1) қозғалыстың бағыты, баратын орны бар. Өту барысында қозғалыс бағытының сақталуы не өзгеруі мүмкін. Сонымен байланысты “бару” етістігінің семантикасында бағыттық компонент негізгі болып табылады (*туралап, тікелей, бұрылып, кері қайтып*); 2) “бару” қозғалысы әртүрлі динамикада (жылдамдықта) өтеді (*ырғып / ала / жетелей / жақындап / жетіп / басына көтеріп / жүзіріп / кіріп / тақап / қайтып / кете / қуып / суырылып*); 3) “бару” қозғалысын туғызған себептер, қозғалыс мақсаты болады (*қайтып / кете / қуып / суырылып шығып / тастап / еске түсіп*); 4) “бару” етістігімен бірге екінші бір әрекеттер қатар іске асуы мүмкін (*шапанын жамылып / етегінен ұстап / ертіп*). Тілдік талдау “бару” етістігінің әрекетті білдіретін сабақты етістіктермен қимыл – сын мағыналық байланысқа түсетінін анықтады. “Бару” етістігінің концептуалды фреймдік сценарийін модельдеу оның лексикалық мағынасын құрайтын негізгі семантикалық компоненттерді анықтады. Сол арқылы көсемше оралымдардың қызметі мен мағынасы нақтыланды. Көсемше қозғалыс етістігімен байланысты қалыптасқан білім қорын – фреймдерді жеткізуші қызметін атқарды.

2) **“күлу”** – сезім етістігі. Базалық семантикасы адамның жағымды сезімін беру. 1) күлу-әрекетінің қозғаушы негізі болады: *айтып қоймағанына, ажуалап*; 2) күлу әрекеті әртүрлі сипатта өтеді: жайраңдап күлу – жайраңдау күлу етістігінің бір көрінісі. Көсемшежеке пропозицияны жеткізіп тұрған жоқ, жаңа қимылды атап тұрған жоқ. “Күлу” етістігін өту сипатына қарай жайраңдау деп те ауыстыруға болады: *Ол ауыр жүктен құтылғандай болып жайраңдады. Күлу әрекетінің (сезімнің реңкін жеткізіп тұр)*. Екі етістік те бір әрекетті атап тұрғандықтан, арасында сөз салып, сөйлемдегі позицияларын өзгертуге болмайды 3) күлу әрекеті әртүрлі сипатта өтеді: *сақылдап / қарқылдап / сықылықтап / қымсына / естігендей болып*

/ жарқылдай / рақаттанып / кекете / жымылып /. Бұл етістіктер күлу етістігінің әртүрлі сөйлеу жағдаяттарындағы дифференциациялық көріністері болып табылады. Инварианттық мағынаға күлу етістігі ие; 4) күлу әрекетімен қатар өтетін әрекеттер: *есіней / қарап / басын шайқап / езу тартып*

3) **“қуану”** – 1) әрекетті туғызатын түрткі себеп бар. 2) қуануды дәрежелерге бөліп сипаттауға болады: қатты қуану, жүрегі жарылып қуану, шалқып қуану; 3) қуанумен қатар қабаттасатын көмекші әрекеттер бар: сөйлеп қуану, айқалап қуану, 4) “қуану” әрекетіне созылмалы сипат тән: *мәз болып қуанды, көңілі көтеріліп қуанды. Қуану, мәз болу, көңілі көтерілу* синонимдері әрекеттің өту динамикасын көрсетеді.

Қуану етістігінің концептуалды сценарийінде көсемше арқылы қосымша қабаттасатын әрекеттер, әрекеттің өту динамикасын сипаттайтын синоним етістіктер және ең бастысы қуану процесін туғызған, себеп – етістіктер беріледі.

4) **“нұсқау”** – негізгі етістік. Нұсқау бір объектіге бағытталады. Оны орындаушы субъект және бұл әрекеттің адресаты бар. Нұсқау етістігі ым-ишарамен берілген ақпаратты жеткізеді. Сөйлеу жағдаятына қарай ол әртүрлі сипатта өтуі мүмкін. Нұсқау етістігі бірнеше пропозицияны жеткізеді. Ол бір әрекет орын алғаннан кейінгі нәтижені білдіреді. Нұсқау ым-ишараны атайтындықтан, адамның сезім қалпыны тәуелді әртүрлі сипатта өтуі мүмкін.

5) **“жүру”** етістігімен байланысты ассоциативті өріс семантикасы ментальды кеңістікте қалыптасқан мына мағыналарды анықтады: 1) бағыты бар қозғалыс. Адам бір бағытқа қарай жүреді. “Жүру” етістігінің семантикасында кеңістік компоненті болады; 2) “жүру” құралдар арқылы не жаяу іске асады. 3) жүру жылдамдығы бар. Ол уақытпен байланысты, өту барысымен байланысты: *тез жүру, шапшаң жүру, жылдам жүру, баяу жүру*; 4) “жүру” қозғалысы адамның әртүрлі қимылымен қабаттасады (*шайқатылып, теңселіп, тербетіліп, шалдығып, екпіндеп*); 5) “жүру” адамға ұнауы мүмкін, ұнамауы мүмкін (*шаршап, жалығып, ренжіп, ашуланып, қуанып жүруі*). Яғни жүруші адамның оған көзқарасын анықтауға болады.

6) “жүру” бір нәтижеге әкелуі мүмкін (адам бағытталаған орынға жетуі, адасуы, біреуге не бір нәрсеге кездесуі мүмкін). 7) “жүру” әртүрлі әрекеттермен қабаттасуы мүмкін: *әнгіме айту, тағам жеу, музыка тыңдау және т.б.* 8) “жүру”

– адам басқа адамдармен бірге, бөлек, қосылмай жүруі мүмкін.

“Жүру” етістігінің концептуалды сценарийі: адам белгілі бір бағытта қозғалады, кеңістіктегі орны өзгертеді. Жүру қозғалысын тудырған себеп не нақты мақсат болады. “Жүру” қозғалысы басқа әрекет түрімен қабаттаса жүреді. Жүру әртүрлі жылдамдықта, әртүрлі психикалық күйде өтеді. Жүру кеңістікпен байланысты орынмен байланысты іске асады: ашық орында, жабық мекенде (далада, жолда, үйде және т.б.)

“Жүру” етістігінің концептуалды сценарийінде көсемшенің қолданысына назар аударайық. Негізгі әрекетпен қабаттасатын қосымша әрекеттерді сипаттау, негізгі әрекетпен байланысты адамның психикалық қалпын суреттеу, негізгі әрекетке қатысты адамның көзқарасы, бағасын беру. Негізгі әрекетпен қосымша жүретін әрекеттер бір уақытта іске асады

7) “сөйлеу” етістігінің ментальді кеңістікте қалыптасқан мағыналары: 1) сөйлеу орналатын орын – жағдаят бар 2) сөздің адресаты бар, адресатына қарай сөзді айту реңкі өзгереді; 3) сөз мақсаты – сөйлеу интенциясы бар; 4) адресанттың (сөз иесінің) сөзді айту кезіндегі әртүрлі психикалық қалпы сөйлеуге әсер етеді; 5) сөйлеу әрекеті оны тудырған шарттар мен сөйлеу мақсатына қарай әртүрлі динамикада (жылдамдықта), сөйлеуші адамның түрлі қозғалысының, дене қимылын туғызады, олар

негізгі әрекетпен қатар бірізгілікте өтеді.

8) “жасау” – сабақты етістік, жалпы бір әрекетпен айналысу деген жалпы мағынаға ие. Әрекет объектісімен тіркесіп, оған қимыл мағынасын үстейді: 1) шабуыл жасау (шабуылдау, ұсыныс жасау, баяндама жасау, ескертпе жасау, сауда жасау); 2) әрекетті орындаушы субъект, 3) әрекеттің объектісі, 4) әрекеттің бағыты (адресаты) бар; 5) әрекет уақытта, кеңістікте орын алады.

9) “ойнау” – 1) әрекет кеңістікте орын алады; 2) әрекет құралы бар; 3) әрекеттің өту динамикасы бар; 4) өту сипаты бар; 5) субъектінің әрекетке көзқарасы бар (ұнауы / ұнамайды)

Семантикалық талдау көсемше оралымның негізгі етістікке қатысты 4 семантикалық байланысын анықтады:

- көсемше негізгі етістікке қосымша қабаттасатын әрекетті атайды;
- көсемше негізгі әрекеттің өту динамикасын сипаттайды
- көсемше негізгі әрекетті тудырушы себеп-әрекетті білдіреді
- көсемше сөйлеушінің не бақылаушының негізгі әрекетке көзқарасын, бағасын жеткізеді.

Көсемше етістіктің барлық семантикалық топтарымен тіркеседі. Етістіктердің концептуалды фреймдік-сценарийіне семантикалық талдау жасау негізінде көсемше оралым мен негізгі етістік арасындағы семантикалық байланыс түрлері төмендегіше топтастырылды:

1-кесте

Негізгі етістік (лст)	Әрекеттің өту сипаты (көсемше оралым)		Қатар өтетін әрекеттер (мезгілдік арақатынас)	
	Әрекет иесінің психикалық қалпы	Әрекеттің өту динамикасы (екінші әрекеттің аясында)	Бір мезгілдік	Әр мезгілдік
Әрекет етістіктер лст	18%	82%	77%	23%
Сезім етістіктері Лст (күлу)	78%	22%	-	-
Көңіл күй етістігі лст	66%	21%	-	14,2%
Қалып етістіктері лст (жүр)	15%	-	85%	-
Қозғалыс етістігі лст(бар)	27%	50%	22,7%	-
Сөйлеу лст	48%	37%	14%(отыр,жатыр)	-
Көру етістігі	64,7%	18%	17% (отыр, жатыр)	-

Талқылау қорытындысы

Көсемше оралымдардың қызметін сөйлемдегі негізгі етістіктің семантикасымен байла-

ныста алып қарау керек. Негізгі етістікті адам танымының нәтижесі ретінде бағалап,оның семантикалық құрылымын фреймдер түрінде анықтау – когнитивті модельдеу – көсемше

оралымның сөйлемдегі қызметін, мағынасын дәл анықтауға көмектеседі.

Көсемше – адам танымындағы танылған, қайталанатын әрекет, процестердің өзара байланысы туралы білімнің концептуализациялануы. Адам объективті өмірде қайталанатын әрекет түрлерін таниды, ол туралы білім қорын қалыптастырады. Көсемшенің бірде негізгі әрекетпен қатар өтетін қосымша әрекетті атауы немесе сипаттауы, қатар әрекеттерді жеткізуі сөйлемдегі басты пропозицияны жеткізуші негізгі етістікке тәуелді. Екі етістік арасындағы семантикалық байланыс түрлері негізгі етістіктің когнитивті моделін құраушы фреймдерге тәуелді. Көсемше туралы ғылыми зерттеулерде көсемшенің мағыналық байланысы негізгі етістікке байланысты екені айтылса да, зерттеушілер көсемше формасындағы етістікке назар аударды (Үемназарова, 1994: 15-21). Ал оның тәуелді сипаты мен негізгі етістіктің семантикалық құрылымы арасындағы байланыс талдана бермеді. Мақалада бірінші рет негізгі етістіктің когнитивті моделіне талдау жасалып, көсемшенің қызметі негізгі етістіктің салыстыру, бейнелеу, идентификациялау, бағалау

фреймдерімен байланысты екені фреймдік семантика теориясы негізінде анықталды.

Көсемше оралымдар негізгі етістік арқылы берілетін әрекеттің өтуі сипатын, динамикасын, сөйлеушінің әрекет туралы бағасын жеткізеді. Сонымен байланысты көсемше оралым қызметінде көңіл күй, сезім етістіктері, әрекеттің өту жылдамдығын, әрекет иесінің кеңістіктегі қалпын, реңкін (динамикасын) білдіретін етістіктердің лексика-семантикалық тобы жиі кездеседі. Ал негізгі әрекетпен қатар өтетін екінші бір қимыл әрекеттер отыр, тұр, жат, жүр қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы беріледі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үдерісінде көсемше оралымдардың қызметі мен түрлерін меңгеруді негізгі етістіктің семантикасымен байланыстыру керек. Негізгі әрекетті сипаттайтын көмекші әрекеттерді жеткізетін (жоғарыда келтірілген материалдар негізінде) етістіктер тізімін анықтап, коммуникацияда кездесу жиілігіне қарай белсенді түрлерін саралау керек. Тілді оқыту үшін тілдік білімнің мазмұнын дұрыс анықтап алу – лингводидактиканы жолға қою өте маңызды.

Әдебиеттер

- Алматы қазақ тілі корпусы. http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=kz
- Абдурахманов Ғ. Синтаксис осложненного предложения // Структура истории тюркских языков. – М.: Наука, 1971. – С. 138-148.
- Баскаков Н.А. Деепричастие и его синтаксические функции в тюркских языках юго-западной группы // Труды института языка и литературы АН ТуркССР. – Ашхабад. – 1959. – Вып. 3. – С. 5-18.
- Бертагаев Т.А. Грамматика бурятского языка. – М.: Изд-во Вост. лит., 1962. – С. 3-24.
- Болдырев Н.Н. Когнитивный подход к изучению глагола и глагольных категории // Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания. – М., 2000. – С. 50-63.
- Гаджиева Н.З., Серебрянников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М., 1986. – 283 с.
- Гаджиева Н.З., Серебрянников Б.А. Сравнительно-типологическая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., Наука, 1988. – 557 с.
- Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Л.: Изд-во Восточн.литр-ры. – М.-Л., 1948. – 276 с.
- Есенов Қ.М. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. – Алматы: Ғылым, 1974. – 197 б.
- Ковальчук Л.П. Теория концептуальной интеграции Ж.Фоконье и М.Тернера // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2011. – № 1 (8). – С. 97-101.
- Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – Тамбов, 1997. – 328 с.
- Нартыев. Строй сложного предложения в современном туркменском языке. – Ашхабад: Ылым, 1988. – 202 с.
- Невская Т.М. Деепричастие на -н как компонент осложненного и сложного предложения в шорском языке: автореф. канд. дисс. – Алма-Ата, 1990. – 21 с.
- Недялков В.П. Основные типы деепричастий // Типология и грамматика. – М.: Наука, 1990.
- Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1981.
- Плотникова А.М. Когнитивное моделирование семантики глагола. – Екатеринбург: АДД, 2009.
- Сауранбаев Н.Т. Семантика и функция деепричастия в казахском языке. – Алма-Ата: Изд-во АН СССР, 1948. – С. 60-69.
- Серебрянников А.П. Принципы составления описательных грамматик / Вопросы описательных грамматик языков Северного Кавказа и Дагестана. – Нальчик, 1963. – С. 21-42.
- Турсунов А. Деепричастие в современном киргизском языке: автореф. канд. дисс. – Фрунзе, 1958. – 21 с.
- Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания / Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 23. – 1988. – 320 с.

Черемисина М.И. Монон субъектные конструкции. Понятие и типология / Полипредикативные конструкции и их морфологическая база. – Новосибирск: Наука. Сиб. отд-ние. – 1980. – С. 6-33.

References

Abdurahmanov G. (1971), Sintaksis oslozhnennogo predlozheniya. Structura i istoriya tyurkskih yazikov [Compound sentence syntax / Structure and history of Turkic languages], Nauka, pp.138-148. Moscow. (in Russian).

Almaty Kazak tyly korpusy [Almaty Kazakh language corps]. http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=kz (in Kazakh).

Baskakov N.A. (1959) Deeprichastie i ego sintaksicheskie funkicii v turkskih yazykah yugo-zapadnoi gruppy [The participle and its syntactic functions in the Turkic language of the southwestern group], Proceedings of the Institute of Language and Literature, AN Turk. SSR, pp. 5-18. Ashgabat. (in Russian).

Bertagayev T.A. (1962) Grammatika Buryatskogo yazyka, Vostochnaya Literatura, pp. 3-24, Moscow. (in Russian).

Boldyrev N.N. (2000) Kognitivnui podgod k izucheniyu glagola I glagolnyh kategorii. Tradicionnye problem yazykoznanija v svete nobyh paradigm znaniya [Cognitive approach to the study of the verb and verb categories. Traditional problems of linguistics in the light of new paradigms of knowledge], pp. 50-63. Moscow. (in Russian).

Cheremisina M.I. (1980), Monosub'ektnaya konstrukciya. Ponyatie I tipologiya. Polypredicativnye konstrukcii I ih morfolo-gicheskaya baza [Monounsaturated constructions. Concept and typology. Polypredictive constructions and their morphological base], Novosibirsk: Nauka, pp. 6-33, Novosibirsk. (in Russian).

Dmitriyev N.K. (1948), Grammatika bashkirskogo yazika [Grammar of Bashkir Language], Publishing House of Oriental Literature, pp. 276. Moscow. (in Russian).

Fillmor Ch. (1988), Freimy I semantika ponimaniya. Novoe v zarubezhnoi lingvistike [Frames and semantics of understanding. New in foreign linguistics], pp. 320. (in Russian).

Gadzhiev N.Z., Serebryannikov B.A. (1986), Sravnitelno-istoricheskaya grammatika tyurkskih yazikov [Comparative historical grammar of Turkic languages], Sinkatsis, pp. 283. Moscow. (in Russian).

Kovalchuk L.P. (2011), Teoriya kontseptyalnoi integratsii J. Fokone i M. Ternera [The theory of conceptual integration of J. Fauconnier and M. Turner] Philological sciences, Questions of theory and practice, pp. 97-101. Tambov. (in Russian).

Kubryakova E.S. (1997) Chasty rechii s kognitivnoi toxhki zreniya [Parts of speech from a cognitive point of view], pp. 328. Tambov. (in Russian).

Nartiyeu (1988), Sroy slozhnogo predlozheniya v sovremennom turkmenskome yazike [The structure of a complex sentence in modern Turkmen language], Ylym, pp.22. Ashgabat. (in Russian).

Nevskaya V.M. (1990), Deeprichastiya na –p, kak component oslozhnennogo i slozhnogo predlozheniya v shorskome yazike: avtoref. kand. diss. [The participle in -p as a component of a complicated and complex sentence in the Shor language: Avtoreferat. PhD thesis], pp. 21. Alma-Ata. (in Russian).

Nedelkov V.P. (1990), Osnovnye tipy deeprichastii. Tipologiya I grammatika [The main types of participles. Typology and Grammar], Nauka. Moscow. (in Russian).

Orazov M. (1981) Kazak tylynin semantikasy [Semantics of the Kazakh language], Rauan. (in Kazakh).

Plotnikova A.M. (2009), Kognitivnoe modelirovanie semantiki glagola [Cognitive modeling of the semantics of the verb], ADD. Yekaterinburg (in Russian).

Serebryannikov A.P. (1963), Principy sostavleniya opisatel'nyh grammatyk / Voprosy opysatel'nyh grammatyk yazykov Severnogo Kavkaza i Dagestana [Principles of compiling descriptive grammars / Questions of descriptive grammars of the languages of the North Caucasus and Dagestan], (p.21-42). Nalnik. (in Russian).

Sauranbayev N.T. (1948), Semantika I funkciya deeprichastiya v kazakhskom yazike [Semantics and function of the participle in the Kazakh language], AN USSR Publishing House, pp. 69. Alma-Ata. (in Russian).

Sravnitelno-tipologicheskaya grammatika tyurkskih yazikov. Morfologiya [Comparative typological grammar of Turkic languages. Morphology], Nauka, pp. 557. Moscow. (in Russian).

Tursunov A. (1958), Deeprichastie v sovremennom kyrgyzskom yazike: avtoref. kand. diss. [The participle in the modern Kyrgyz language: avtoreferat. PhD thesis], pp. 21. Frunze. (in Russian).

Yessenov K.M. (1974), Kazak tylyndegi kurdelengen soilemder. [Complex sentences in the Kazakh language], Gylym, pp.197. (in Kazakh).